

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы « 14 » қыркүйектегі
№ 804 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 12 мамырдағы
№ 362 қаулысымен
бекітілген

**Тыңайтқыштардың жекелеген түрлерін экспорттауға арналған
айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату
қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тыңайтқыштардың жекелеген түрлерін экспорттауға арналған айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы 7-тармағының төртінші бөлігіне және 45-бабына, Тауарлардың экспортына және (немесе) импортына лицензиялар және рұқсаттар беру қағидаларының 19 және 20-тармақтарына (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымшаға қосымша), сондай-ақ «Тарифтік емес реттеу шараларын қолдану туралы» Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 34 шешіміне сәйкес әзірленді және осы қаулыға сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті берген Тыңайтқыштардың жекелеген түрлерін экспорттауға арналған айрықша лицензияның (бұдан әрі – айрықша лицензия) қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) лицензиар – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті;

2) лицензиат – осы қаулыға сәйкес тыңайтқыштардың жекелеген түрлерін экспорттауға арналған айрықша құқық берілген сыртқы сауда қызметіне қатысушы.

2-тарау. Тыңайтқыштардың жекелеген түрлерін экспорттауға арналған айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату тәртібі

3. Лицензиар мынадай:

1) лицензиат ерікті түрде өтініш жасаған;
2) айрықша лицензияны беруге негіз болған бір немесе бірнеше құжаттың қолданылуы тоқтатыла тұрған;

3) лицензиаттар айрықша лицензияның орындалу барысы туралы есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінші күніне дейін тоқсан сайын лицензиарға ұсынбаған;

4) лицензиаттар айрықша лицензияның орындалу барысы туралы тоқсан сайынғы есептерде анық емес мәліметтерді көрсеткен;

5) сот актісі болған жағдайларда айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды.

4. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдай туындаған кезде лицензиар лицензиат тиісті өтініш берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде айрықша лицензияның қолданылуын өтініште көрсетілген мерзімге тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды.

5. Осы Қағидалардың 3-тармағының 2) – 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша айрықша лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған кезде лицензиар мұндай жағдайлар басталған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде лицензиатқа тоқтата тұру негіздерін көрсете отырып, айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы алдын ала шешімді және тыңдауды өткізудің уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарламаны жібереді.

Осы Қағидалардың 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдай басталған кезде айрықша лицензияның қолданылуы айрықша лицензия беруге негіз болған құжаттардың қолданылуы қайта басталғанға дейінгі мерзімге, осы Қағидалардың 3-тармағының 3) – 5) тармақшаларында көрсетілген жағдайлар басталған кезде бір айдан аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады.

6. Хабарлама айрықша лицензияны беруге арналған өтініште көрсетілген лицензиаттың заңды мекенжайы бойынша тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен немесе электрондық мекенжайы бойынша не хабарламаның тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жіберіледі.

Лицензиаттың өкілі хабарламаны қабылдаудан бас тартқан кезде оны жеткізетін немесе тапсыратын адам хабарламада тиісті белгі қояды, ол лицензиарға қайтарылады. Бұл ретте хабарламаны қабылдаудан мұндай бас тарту айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға немесе тоқтатуға негіз болып табылмайды.

7. Тыңдау хабарлама берілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша лицензиар бір жұмыс күні ішінде айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды.

Айрықша лицензияның қолданылуы лицензиар айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатыла тұрады.

Айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру оны ұзартуға негіз болып табылмайды.

8. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша тоқтатыла тұрған айрықша лицензияның қолданылуын қайта бастау лицензиаттың өтініші бойынша жүзеге асырылады.

Лицензиар осы өтініш негізінде үш жұмыс күні ішінде айрықша лицензияның қолданылуын қайта бастау туралы шешім қабылдайды.

9. Осы Қағидалардың 3-тармағының 2) – 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша айрықша лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған кезде лицензиат осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі өткенге дейін лицензиарға растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға алып келген себептердің жойылғаны туралы өтініш беруге құқылы.

Лицензиар лицензиат өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға алып келген себептердің жойылғанын тексереді және мұндай себептердің жойылу фактісі расталған жағдайда айрықша лицензияның қолданысын қайта бастау күнін көрсете отырып, оны қайта бастау туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 3-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша айрықша лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған кезде айрықша лицензияның қолданылуын қайта бастау туралы шешім айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға негіз болған сот актісінің күшін жоюды көздейтін сот актісінің негізінде қабылданады.

Бұл ретте айрықша лицензияның қолданылуы лицензиар айрықша лицензияның қолданылуын қайта бастау туралы шешім қабылдаған кезден бастап қайта басталады.

10. Лицензиат айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі өткенге дейін айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға негіз болған бұзушылықтарды жою туралы өтінішті ұсынбаған жағдайда лицензиар тоқтата тұру мерзімі өткен кезден бастап он жұмыс күні ішінде айрықша лицензияның қолданылуын тоқтату рәсіміне бастама жасайды.

11. Лицензиар мынадай:

1) лицензиат айрықша лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде өтініш жасаған;

2) берілген мерзімі өткен;

3) жүзеге асыруға берілген әрекеттер (операциялар) толық көлемде жасалған;

4) лицензиат осы қаулыға сәйкес айрықша құқық берілген сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың тізбесінен алып тасталған;

5) тауар осы қаулыға сәйкес экспортына айрықша құқық берілген тауардың жекелеген түрлерінің тізбесінен алып тасталған;

6) лицензиат таратылған немесе оның құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізілген (ұйымдық-құқықтық нысанының, атауының не орналасқан жерінің өзгеруі);

7) айрықша лицензияны алу мақсатында өтініш беруші ұсынған құжаттарда анық емес мәліметтер анықталған;

8) айрықша лицензияны беруге негіз болған бір немесе бірнеше құжаттың қолданылуы тоқтатылған;

9) лицензия беруге негіз болған шартты (келісімшартты) орындау кезінде мүше мемлекеттің халықаралық міндеттемелері бұзылған;

10) егер мұндай қызмет түрі өзіне қатысты лицензиялау енгізілген тауардың айналымына байланысты болса, лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензия кері қайтарып алынған;

11) белгіленген тәртіпті сақтаған кезде берілуі мүмкін емес айрықша лицензияны беруге алып келген, айрықша лицензияны беру кезінде жол берілген бұзушылықтар анықталған;

12) сот актісі болған;

13) осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі ішінде айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға алып келген себептер жойылмаған жағдайларда айрықша лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

12. Осы Қағидалардың 11-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдай басталған кезде лицензиар айрықша лицензияның түпнұсқасын қоса бере отырып, лицензиат тиісті өтініш берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде айрықша лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

13. Осы Қағидалардың 11-тармағының 2) – 13) тармақшаларында көрсетілген жағдайлар басталған кезде лицензиар айрықша лицензияның қолданылуын тоқтату туралы осындай жағдайлар басталған күні, ал мұндай күнді белгілеу мүмкін болмаған кезде олар анықталған күннен бастап шешім қабылдайды және лицензиатқа осы Қағидалардың 6-тармағында белгіленген тәртіппен айрықша лицензияның қолданылуын тоқтату және лицензиарға айрықша лицензияны қайтару қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

14. Лицензиат айрықша лицензияның қолданылуын тоқтату туралы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде айрықша лицензияның түпнұсқасын лицензиарға қайтарады.

15. Лицензиардың айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешімімен келіспеген жағдайда лицензиаттың Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес лицензиардың мұндай шешіміне шағымдануға құқығы бар.

16. Лицензиар айрықша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау немесе тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс

күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне және лицензиатқа тиісті хабарлама жібереді.
